

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
«Жобалық қызмет негіздері» оқу-әдістемелік құралына**

РЕЦЕНЗИЯ

«Жобалық қызмет негіздері» оқу-әдістемелік құралы қазақ және ағылшын тілдерінде дайындалған. Қазақ тіліндегі нұсқасының авторлары «Микробиология, аллергология және иммунология» кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.д., профессор Б.Т. Сейтханова, аға оқытушылар Ш.Т.Полатбекова және Ұ.Ә.Садыбек; ағылшын тіліндегі нұсқасының авторлары м.ғ.д., профессор Б.Т. Сейтханова, аға оқытушы Г.Н. Нуралиева және оқытушы Л.Х. Ниязметова. «Жобалық қызмет негіздері» оқу-әдістемелік құралы медицина мамандығының 2-курс білім алушыларына арналған. Бұл құрал білім алушылардың жобалық қызметті теориялық және тәжірибелік тұрғыдан игеруіне бағытталған жоғары сапалы оқу материалы болып табылады. Жобалық қызметтің негізгі ұғымдары, кезеңдері, құралдары мен әдістемелері нақты әрі құрылымдалған түрде берілген. Құрал заманауи платформалар мен әдістерді, соның ішінде Trello, Canva, Google Forms, SWOT және SMART талдауларын қолдануды үйретуге бағытталған. Құралда медициналық жобаларды орындау барысында этикалық қағидаттарды сақтау қажеттілігі мен маңыздылығы айрықша көрсетілген. Білім алушыларға зерттеу жобаларын орындау және топтық жұмыс дағдыларын дамыту бойынша нақты нұсқаулықтар ұсынылған. Жасанды интеллект құралдарын (ChatGPT) жобаларды жоспарлау, зерттеу жүргізу және презентация дайындау барысында қолдануға арналған ұсыныстар оқу құралының жаңашылдық деңгейін көрсетеді. Құралды оқу үрдісінде пайдалану медицина саласында жобалық қызметті оқыту сапасын арттырып, білім алушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Бұл әдістемелік құрал заманауи медициналық білім берудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде жоғары бағаланады.

«ОҚМА» АҚ, «Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар» кафедрасының
меңгерушісі, ф.-м.ғ.к., қауым. профессор



Иванова М.Б.

ҰЖАТТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫН АЙҚЫНДАЙМЫН
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
ҚАДІРЛІК ҚЫЗМЕТ БӨЛІМІ